

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Сейсенбі күні ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде елді мекендерді ауызсумен қамту, су бұру жүйелерін дамыту, су үнемдейтін және цифрлық технологияларды енгізу мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

— Арал ауданы Токабай және Абай елді мекендерін топтық су құбырына қосуда тиісті жұмыстарды үйлестіріп, толық әрі сапалы аяқталуына бақылау жасаңыздар. Қызылорда қаласының бас су алу құрылымын жаңғырту жобасын әзірлеуді шұғыл аяқтап, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу керек.

2-бет

/// САПАР

ЖАҢАҚОРҒАН: САНАУЛЫ ЖЫЛДАР СЫБАҒАСЫ

80 ОТБАСЫНА ЖАҢА БАСПАНА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазыбек Иса, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Жаңақорған кентінде әлеуметтік жағынан осал топтарға арнап салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсіміне қатысты.



Аймақ басшысы тұрғындарды қоныстайымен құттықтап, осы жыл да өңір үшін жаңа бастамалар мен жарқын жоспарлар жүзеге асатын, береке мен бірлікті бекемдейтін кезек болатынын атап өтті.

2-бет

ШИЕЛІ: КӨПКЕ ОРТАҚ КӨШЕЛІ ІС



ЖОЛ – ҚАТЫНАС ӨЗЕГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазыбек Исамен бірге бірқатар әлеуметтік нысанның ашылу рәсіміне қатысып, өзге де жұмыс барысын бағамдады.

2-бет



Соңғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр. Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды. Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінен

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҚОҒАМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ АРҚАУЫ

Қоғам дамуының әр кезеңінде ел тағдырын айқындайтын, тарихи бағыт-бағдарды белгілейтін ерекше алаңдар болады. Ол – жай ғана жиналыс емес, мемлекеттің болашағына әсер ететін шешімдер тоғысатын, билік пен халық арасындағы жауапкершілік көпіріне айналатын кеңістік. Қазақстан үшін кейінгі жылдары дәл осындай маңызға ие институт – Ұлттық құрылтай.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Ұлттық құрылтай – елдің ішкі бірлігін нығайтып, қоғамды ортақ мақсаттарға жұмылдыруға арналған маңызды диалог алаңы», деген сөзі бұл институттың мәнін айқын аңғартады. Бұл – мемлекеттік басқарудың жаңа логикасы. Яғни сөз жүзіндегі уәде емес, нақты іске ұласатын саясат, формальды кеңес емес, мазмұнды шешім аланы, қоғамның үнін естіп қана қоймай, оны мемлекеттік әрекетке айналдыра алатын тетік. Алғашқы жылдары құрылтайда айтылған бастамалар көбіне декларативтік сипатта қабылданғаны рас. Қоғамның өзі де бұл алаңға күмәнмен қарады. «Айтылған сөз орындала ма? Ұсыныстар қағаз бетінде қалмай ма?» деген сұрақтар заңды еді. Алайда уақыт өте келе оның әлеуеті айқындала түсті. Бүгінде құрылтайда көтерілген мәселелер нақты заңдарға, бағдарламаларға, мемлекеттік шешімдерге айналып жатыр. Бұл – қоғам мен билік арасындағы қатынастың сапалы деңгейге көтерілгенінің көрінісі.

3-бет

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ЖИ: Соңғы сөз кімде?



Фото: Ашық дереккөзден

Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар адамзат тіршілігінің барлық саласына дендеп енді. Экономикадан бастап, денсаулық сақтау, көлік, қаржы, ауыл шаруашылығы және білім беру секілді салаларда адам өмірін жеңілдетіп ғана қоймай, болашақ өркениеттің тірегіне айналып келе жатқанын көрсетеді. Әлем мемлекеттері осы үдеріске ілесіп, заманауи технологиялар арқылы өз әлеуетін арттыруға ұмтылып жатыр. Мәселен, OpenAI денсаулық сақтау мәселелеріне арналған платформаның арнайы бөлімі – ChatGPT Health іске қосылғанын жариялады.

Компанияның мәлімдеуінше, жаңа мүмкіндік медициналық көмекті алмастыруға емес, пайдаланушыларға деректерді талдауға және денсаулық сақтау мамандарымен сөйлесуге дайындалуға көмектеседі. Нақтырақ айтқанда, пайдаланушылар «Денсаулық» бөлімінде Apple Health, MyFitnessPal және т.б. денсаулық және фитнес қолданбаларының медициналық жазбалары мен деректерін қоса алады. Бұл оларға жеке жауаптар алуға, сынама нәтижелерін түсінуге, дәрігердің қабылдауына дайындалуға, тамақтану мен жаттығуларға қатысты ұсыныстар алуға мүмкіндік береді. «Денсаулық» бөлімі басқа чаттардан бөлек жұмыс істейді. Барлық сөйлесулер, файлдар және қосылған қолданбалар бөлек сақталады және денсаулық деректері осы бөлімнен тыс пайдаланылмайды. Осы орайда компания ChatGPT Health ауруларды диагностикалауға немесе емдеуге арналмағанын атап өтті.

6-бет

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Биыл лазерлік тегістеу жоспарын 65 мың гектарға жеткізуді қадағалаңыздар. Су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдау үшін бөлінген қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалуды өте маңызды, – деді облыс әкімі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін барлық елді мекенді 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етуде жүйелі жұмыс жүргізілді.

Өткен жылы 5 елді мекен топтық су құбырына қосылып, 4 елді мекенде ішкі су жүйелері салынды, сондай-ақ 2 елді мекенде су тұщытқыш қондырғы орнатылды. Президент тапсырмасы толық орындалды.

Су үнемдеу және цифрлық технологияларды енгізу бағытында күрші алқаптары онтайландырылуда, 2024 жылмен салыстырғанда күрші егісі 4700 гектарға қысқарды. Былтыр жаңа технологияларды пайдаланып 8100 гектар жерге дақылдар егілсе, осы жылы бұл көрсеткішті 16 700 гектарға жеткізу жоспарланған. Шет-елдік компаниялардың қатысуымен 3 ірі жоба жүзеге асырылып, тамшылатып және жаңбырлатып суару арқылы жүгері мен жонышқа өсірілуде.

Дикандар 60 мың гектар күрші алқабын лазерлік тегістеуден өткізді. Нәтижесінде су үнемделіп, өнімділік артты. Биыл осындай жер көлемін 65 мың гектарға жеткізу көзделсе, 2028 жылға дейін егін алқаптары толық тегістеледі.

1-бет

ҚҰРМЕТПЕН ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтіп, оған құқық қорғау органдары мен сала басшылары, қала, аудан әкімдері қатысты.



Нұрлыбек Машбекұлы 2019 жылдан бері Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы лауазымын атқарып келген Дәулетова Ғалия Ноғайқызын басқа қызметке ауысуына байланысты құрметпен шығарып салды.

– Облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінде қызмет еткен жылдарыңызда Сіз оқу-ағарту жүйесінде бірыңғай мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуына, білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге және жетілдіруге зор үлес қостыңыз. Кәсіби біліктілігіңіз бен жауапкершілігіңіздің арқасында өзіміздің білім саласы маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Аймақтың дамуына сіңірген еңбегіңіз үшін ризашылығымызды білдіріп, жаңа қызметіңізде де жоғары жетістіктер, абырой мен сәттілік тілейміз, – деді аймақ басшысы.

Ғалия Ноғайқызы Абай атындағы Алматы мемлекеттік институтында «Тарих» мамандығы бойынша білім алған. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Мемлекеттік және жергілікті басқару» магистрі.

Еңбек жолын Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде бастаған. Әр жылдары Үкімет аппаратында, Білім және ғылым министрлігінде түрлі лауазымдарда болған.

Басқосуда Ғалия Ноғайқызына Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Өз кезегінде Ғ.Дәулетова әріптестеріне алғыс айтып, туған жердің өсіп-өркендеуіне тілектестігін білдірді.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

ЖАҢАҚОРҒАН: САНАУЛЫ ЖЫЛДАР СЫБАҒАСЫ



– Президент пен Үкімет қолдауы арқылы барлық салада серпінді жобалар қолға алынды. Аймақта қалыптасқан қолайлы инвестициялық климат ірі инвестициялық жобаларға жол ашты.

Жаңақорған ауданында 2023-2024 жылдары 174 пәтерлік 87 тұрғын үй жерлерімізге берілді, 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» шәкірттерін қабылдады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде бой көтерген 10 мектептің екеуі Жаңақорған ауданына тиесілі.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Жаманбай батыр, Қырқенсе ауылдық округтерінде дәрігерлік амбулатория, Төменарық ауылында амбулаториясы бар 15 орындық аурухана, аудандық

1-бет

көпбейінді аурухана жанынан қосымша ғимарат салынды.

Қараша айында автоматты газ тарату станциясын салтанатты түрде іске қосқан болатынбыз. Қазір станцияның қуаттылығы 2 есеге дейін ұлғайтылды. Өткен жылы 40 көше, оның ішінде аудан орталығының негізгі Хорасан ата көшесі күрделі жөндеуден өтті. Жақында ғана Екпінді ауылында 100 орындық клуб ашылды.

Бүгін, міне аудан орталығынан 1 млрд 500 млн теңгеге салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйді иелеріне табыстаймыз. Мемлекет қолдауымен жақсылыққа кенелген баршанызға қоныс құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Рәсімде Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен тұрғын үйді сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің

Алғыс хатымен марапатталды. Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев құттықтау сөз сөйледі.

Айта кетейік, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған 5 мыңнан астам азамат жаңа пәтерге қоныстанды. Кейінгі үш жылда, яғни 2023 жылы – 430, 2024 жылы – 1015, 2025

саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Өңірде тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда. 2022 жылдан бері 23 спорт нысаны салынды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы



жылы – 332, жалпы саны 1777 пәтер алғаш рет барлық аудандағы жерлестерге табыс етілген.

КЕЛІНТӨБЕДЕ СПОРТ КЕШЕНІ

Жаңақорған ауданының Келінтөбе ауылындағы жаңа спорт кешенінің ашылу рәсімінде аймақ басшысы бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығына тоқталып, тұрғындарды құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпыұлттық дамуы елестету мүмкін емес» деген болатын.

Мемлекет басшысының аймақтар әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі

аясында тағы 4 спорт кешені табысталады.

Бүгін осы бағдарлама аясында 393 млн теңгеге бой көтерген дене-шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне айналуда. Ғимаратты сапалы салып, мерзімінде аяқтаған құрылысшыларға алғыс білдіреміз.

Жаңа нысан дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден еліміздің көк туын әлемдік ареналарда желбірететін чемпиондар шығалы деп сенеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен мердігер мекеме құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Қазыбек Иса құттықтау сөз сөйледі.

ШИЕЛІ: КӨПКЕ ОРТАҚ КӨШЕЛІ ІС



«Шиелі-Тайқоңыр» автомобиль жолы күрделі жөндеуге алынған. Бұл жол учаскесі «Kazatomprom» ұлттық атом компаниясының еншілес мекемесі «KAP Logistics» серіктестігінің қолдауымен жөндеуден өткізілді. Жоба аудан орталығы мен өндірістік нысандар арасындағы көлік қатынасын жақсартып, ауыл тұрғындарының қауіпсіз әрі қолайлы көлік қозғалысына жағдай жасайды әрі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді.

Күрделі жөндеуге 2 млрд 555 млн теңге бөлінген. Мердігер «PK Story Group» серіктестігі қолға алған жолдың ұзындығы 13 шақырым, ені 7 метр. Жөндеу кезінде жол жамылғысы толық жаңартылып, белгілер мен инфрақұрылым қауіпсіздік талаптарына сай орнатылуда.

Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына сапаны қатаң бақылауда ұстап, жұмысты белгіленген мерзімде әрі талапқа сай аяқтауды тапсырды.

Жалпы жол құрылысы бойынша өңірде бұрын-соңды болмаған серпінді еңбек жасалып жатыр. 2022-2025 жылдар аралығында 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд теңгеден астам қаржы

1-бет



Суреттерді түсірген: Банат ЕСЖАНОВ

Облыстағы қарқынды істердің қуанышты сәттерін өздеріңізбен бірге бөлісіп келеміз. Қытайлық «Хуандиан» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылған «Тесис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 40 МВт-тық күн электр станциясы іске қосылды.

Қазіргі таңда аудан тұрғындары сағатына 15,5 МВт электр энергиясын тұтынады. Жаңа станция Шиелі ауданымен қатар облыстың басқа да қажеттіліктерін өтеп, электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз етеді. Жаңадан ірі өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жобаға 11 млрд 500 млн теңге бөлініп, мемлекеттік қолдау ретінде 80 гектар жер телімі берілген. Одан бөлек, 6 млрд теңгеге қуаттылығы 20 МВт-тық күн электр станциялары салынууда. Бұл жобалар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға жаңа серпін береді.

Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдың дамуы, келешегінің жарқын болуы сіздерге, еңбекқорлықтарыңыз бен ауызбірліктеріңізге байланысты. Баршаныздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге

КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ауданның Еңбекші ауылдық округінде қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясы іске қосылды. Аймақ басшысы жұртшылықты құттықтап, өңірде атқарылған бірқатар маңызды жұмыстарды атап өтті.

– Президентіміз «Түркістан» газетіне берген сұхбатында «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты кадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты тәсінік қалыптасты» деген болатын. Сондай-ақ биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды дамытудың ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарын айқындайтын жыл болатынын жеткізді.



сәттілік тілеймін! – деді облыс әкімі.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен күн электр станциясын іске қосқан сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов пен Қазыбек Иса сөз сөйлеп, жылы лебіздерін жеткізді.

«ШҰҒЫЛАНЫҢ» ШУАҒЫ

Шиелі жұртын тағы бір қуанышқа кенелткен шақ – кенттің «Шұғыла» мөлтек ауданында әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арнап салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үйдің берілуі салтанаты.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, іске қосылды, – деді облыс әкімі сол салтанатты жиында.

Сондай-ақ осы саладағы серпінді еңбектің көрсеткішінен мысал келтірді.

– Президентіміз тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмалар жүктегені белгілі. Оның ішінде халықты баспанамен қамту бағдарламалары тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешіп қана қоймай, құрылыс индустриясын да дамытып, аймағымыздың ажарын айшықтады, сәулетіне сән қосты.

Өткен жылдың желтоқсан айында 22 пәтерлік 11 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстаған болатынбыз. Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына тағы да жиналып, Шиелі кентінде 450 млн теңгеге салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үй халық игілігіне берілуде.

Бұл – мемлекетіміздің қолдауын сезінген отбасылар үшін ерекше қуаныш! Жаңа қоныс құтты болсын! – деді Н.Нәлібаев.

«СБ» ақпарат

ТАРИХИ
САБАҚТАСТЫҚ
ТАРТУУЫ



Ұлттық құрылтай – елдің қоғамдық-саяси дамуына серпін беретін, халықтың көкейіндегі мәселелер ашық талқыланатын маңызды диалог алаңы. Алдыңғы жылдары өткен құрылтай отырыстарында мемлекет дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын өзекті мәселелер көтеріліп, нақты шешімдер қабылданды. Бұл бастамалар бүгінгі таңда жүйелі реформалармен сабақтасып, санаулы күнде Қызылордада өтетін Ұлттық құрылтайдың күн тәртібін айқындауға негіз болады деп сенемін.

Ұлытауда өткен алғашқы құрылтайда «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы негізгі өзекке айналды. Саяси жүйені жаңғырту, суперпрезиденттік басқару моделінен бас тарту, Парламент пен мәслихаттардың рөлін күшейту, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын арттыру мәселелері көтерілді. Сонымен бірге ұлттық тарихты жанаша зерделеу, киелі орындардың мәртебесін көтеру, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар айтылды. Түркістанда өткен жиында әлеуметтік әділдік пен өңірлік даму басты назарға алынды. Білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру, ауылды қолдау, жастардың жұмыспен қамтылуы, тұрғын үйге қолжетімділік, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау мәселелері кеңінен талқыланды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін күшейту, рухани құндылықтарды сақтау, ұлттық тәрбие мәселелері де құрылтай күн тәртібінен түскен жоқ.

Алдыңғы жылы Атырау қаласындағы басқосуда Мемлекет басшысы қоғамның кеселіне айналған есірткі саудасы және нашакорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг-жәнеагрессиямен, вандализммен, ысырапшылдықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды. Сонымен қатар Президент ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбеккорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Мемлекет басшысы еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керегін айтты. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды.

Бурабайдағы құрылтайда елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына қатысты бірқатар маңызды бастамалар көтерілді. Сол жиында келесі Ұлттық құрылтайды Сыр өңірінде өткізу туралы ұсыныстың қолдау табуы – Қызылорданың тарихи, стратегиялық және қоғамдық маңызын ескерген салмақты шешім болды деуге болады.

Қызылорда – қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолында айрықша орны бар өңір. Ел астанасы болған бұл аймақ – Алаш қайраткерлерінің ізі қалған, ұлттық рух пен тарихи жады терең сақталған өлке. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың бесінші басқосуы біздің өңірде өтуі ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сабақтастықты жаңғырту тұрғысынан маңызды.

Бұл шешімнің оң қабылдануының тағы бір себебі – Ұлттық құрылтайдың аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып өткізілу дәстүрінің жалғасуы. Бұған дейін Ұлытау, Түркістан, Атырау, Көкшетау секілді тарихи мәні бар қалаларда өткен Құрылтайлар әр өңірдің өзекті мәселесін елдік деңгейде көтеруге жол ашты. Келесі отырысты Қызылордада өткізу туралы қабылданған шешім – елдің тарихи жадына құрмет, өңірлік дамуға көңіл бөлу және ең өзекті мәселелерді ашық талқылауға бағытталған оң кадам.

Сондықтан бұл құрылтайда бұрын көтерілген бастамаларды нақты іске асыру, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жүйелі шешімдер қабылдау маңызды. Ұлттық құрылтайдың Сыр жерінде өтуі – үлкен абайрой. Бұл жиын қоғам мен билік арасындағы сенімді арттырып, өңірлік дамуға жаңа серпін береді деп ойлаймын.

Сондай-ақ барлық құрылтай отырыстарында қоғамдық әдеп, ақпараттық қауіпсіздік, жастар тәрбиесі, отбасы құндылықтары, әйелдердің қоғамдағы рөлі секілді мәселелер тұрақты түрде көтеріліп келеді. Бұл – тек саяси емес, рухани-әлеуметтік маңызы бар институтқа айналғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, Қызылорда өңірі – бүгінгі таңда экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелер тоғысқан аймақ. Арал теңізінің тағдыры, су тапшылығы, климаттың өзгеруі, ауыл шаруашылығын жаңа жағдайға бейімдеу мәселелері тек бір өңірдің ғана емес, бүкіл елдің ортақ проблемасына айналып отыр. Бурабайда қабылданған маңызды шешім осы түйткілдерді Ұлттық құрылтай деңгейінде жан-жақты талқылауға мүмкіндік береді деген сенімдемін.

Имамзада ШАҒЫРТАЕВ,
«Қазақстанның Еңбек Ері»
Ұлттық құрылтай мүшесі



ПІКІР АЛАҒЫНЫҢ ҚУАТЫ

Ұлттық құрылтайдың басты құндылығы – оның ашықтығы мен мазмұн тереңдігінде. Мұнда айтылған ойлар жабық кабинет ішінде қалып қоймай, нақты шешімдерге айналу жолына түсті. IV Ұлттық құрылтайдан кейін Бурабайда қабылданған 53 тармақтан тұратын арнайы жоспар – соның айқын дәлелі. Онда 10 заң жобасын әзірлеу, бірқатар стратегиялық және концептуалдық құжатты қабылдау көзделді. Бұл – бұрынғыдай ұсыныстар тізбегі емес, орындалуы міндетті саяси бағдар.

Ұлттық құрылтайдың қоғамға кірігу үдерісін бір ғана сөйлеммен сипаттауға болады: кейде тарихта айғайсыз, даңғазасыз, бірақ терең мағыналы бетбұрыстар болады. Ондай сәттерде ел бағытын өзгерткен шешімдер қабылданады. Ол өзгеріс бір күнде емес, әуелі санада басталып, біртіндеп өмірге сінеді. Кейінгі жылдардағы сондай өзгерістің ең маңызды белгілерінің бірі – Ұлттық құрылтай.

Алғашында ауқымды жиын, пікір алмасу алаңы ретінде басталған құрылтай біртіндеп мемлекеттік саясат пен қоғамдық ой-сананың алтын арқауына айнала бастағанын аңғармай да қалғандаймыз. 2022 жылы алғаш құрылған кезде көпшілік оны символикалық сипаттағы бастама ретінде қабылдады. Ол кезеңде қоғамға ең әуелі сенім қажет еді: билік тыңдай ма, ести ме, пікірмен санаса ма деген күмән басым болатын.

Уақыт өте келе бұл алаң өзінің формальды емес, мазмұнды екенін дәлелдеді. Бүгінде құрылтай қоғамдық пікірді тіркейтін мін-берден алдын ала саяси және құндылықтық сараптама жасайтын институтқа айналып келеді. Мұнда көтерілген мәселелер кейін заңнамалық түзетулерге, мемлекеттік бағ-дарламалар мен Президенттің нақты тапсыр-маларына ұласуда. Тіл, тарихи жады, оно-мастика, әлеуметтік саясат, тәрбие мәселелері – бұлар енді абстрактілі ұғым емес, нақты шешімдерге айналған тақырыптар.

РЕФОРМАЛАРДЫҢ
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Ұлттық құрылтай алғашқы күннен бастап қоғамдық диалог пен мемлекеттік шешім арасындағы көпір болды. Егер басында ол тек символдық алаң санаған болса, қазір нақты, стратегиялық шешімдерге ықпал ететін институтқа айналды.

Мемлекет басшысының «Құрылтай – бұл тек пікірталас алаңы емес, стратегиялық шешімдерге ықпал ететін механизм» деген пікірі – осының айғағы. Бастапқыда кеңес беру, идеяларды талқылау мақсатында құрылған алаң бүгінде идеялар нақты бағдарламаларға, заңдарға және мемлекеттік концепцияларға айналатын трансформация орталығына ұласты. Ономастика, тарихи жады, әлеуметтік саясат, білім беру, ұлттық тәрбие – барлығы құрылтайдан бастау алған нақты бастамалар.

Еліміз кейінгі үш жылда институцио-налдық тұрғыдан бұрын-соңды болмаған жаңғыру кезеңін бастан кешірді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзімен айтқанда, «Парламенттің рөлі күшейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты». Бұл өзгерістердің жалғасын көріп отырмыз.

Ауыл-аудан әкімдерінің тікелей сайлануы, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруге арналған жаңа норма-тивтік актілердің қабылдануы аймақтық өкілділікті күшейтіп, тұрғындардың билікке қатысуын арттырды. Қазір Парламент қа-бырғасында талқыланып жатқан жергілікті басқару туралы заң жобасының негізгі мін-деті – Ұлттық құрылтайда көтерілген баста-маларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Экономика және инфрақұрылым саласында да басты басымдық нақты нәтижелерге бағытталған дамуға берілді. Салық реформасы, әлеуметтік салықты көтеру, қосымша құн салығы жүйесін қайта қарау – барлығы қаржылық тұрақтылықты нығайтуға арналған.

Шекаралық және шалғай өңірлерді дамыту, инфрақұрылымдық жобалар да жаңа мазмұнмен толықты. Астана – Арқалық – Торғай – Бірғыз автожолы, жаңа теміржол және логистикалық маршруттар, 2025-2030 жылдарға арналған аймақтық инфра-құрылымды дамыту тұжырымдамасы – осы бағыттағы нақты кадамдар. Бұл бастамалар әсіресе Торғай өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, жұртшылық тарапынан зор қолдау тапты.

1-бет

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ –
ҚОҒАМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ АРҚАУЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАҒИДАТ –
ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Қоғамдық сананы жаңғырту – құқықтық тәртіп пен азаматтық жауапкершілікті нығайтудың басты алғышарты. IV Ұлттық құрылтайда көтерілген маңызды мәселелердің бірі – «Адал азамат» бағдарламасы. Ол жас ұрпақты нашакорлықтан, буллингтен, зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған.

Ал «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы балалар саясатын жүйелеуді және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейді. Қазірдің өзінде бұл бастамалардың алғашқы нәтижелері байқала бастады. Бұл – ұзақмерзімді инвестиция. Оның жемісі бірден көрінбеуі мүмкін, бірақ мемлекеттің болашағы дәл осы жерден басталады.

Еліміздің қоғам қауіпсіздігін арттыру-дағы келесі стратегиялық бағыты – цифрлық трансформация және жасанды интеллект. 2025 жылы қабылданған ұлттық жоспар мен Цифрлық кодекс, сондай-ақ Жасанды ин-теллектті дамыту министрлігінің құрылуы, мемлекеттік қызметтердің толық онлайн форматына көшу – ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекет басшысы жаңа заңдар арқылы «Заң және тәртіп» қағидатын нығайта түсті. Кейінгі қабылданған бірқатар норма алғаш рет құқыққа қайшы контент үшін әкімшілік жауапкершілікті жүйеледі. Қоғамдық орындарда бел-әлпетті тануға кедергі келтіретін киімге қатысты жауапкершіліктің енгізілуі де қауіпсіздікті арттыруға ықпал етті. Ал балаларды қатерлі ақпарат ағынынан қорғау – технологиялық өзгерістер дәуіріндегі аса маңызды қадам.

Сонымен қатар Тарихи-мәдени мұраны қорғау туралы заң қабылданды. Ол архео-логиялық лицензиялау, мемлекеттік қор және депозитарий құру, заңсыз қазбаларды ба-қылау мәселелерін қамтиды. Бұл – тек ғы-лымға емес, ұлттық жадқа қатысты өзекті мәселе.

Ұлттық құрылтайдың атсалысуымен 2026-2028 жылдарға арналған нашакорлықпен күрес бойынша жаңа кешенді жоспар қабылданды. Онда алдын алу, қоғамдық денсаулық, жастармен жұмыс істеу тетіктері жүйелінді. Бұл – жазалауға ғана емес, мәселені түп-тамырынан шешуге бағытталған көзқарас.

НАҚТЫ ӘРЕКЕТТЕР БАСТАМАСЫ

Еске сала кетейік, IV Ұлттық құрылтайда Президент ішкі саясат саласындағы концептуалдық құжатты әзірлеу бастамасын қолдаған еді. Осыдан кейін алты ай бойы Президент Әкімшілігінің бастамасымен диалогтік алаңдарда сарапшылардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың қатысуымен кең ауқымды талқылаулар өтті. Соның нәтижесінде «Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары және бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойылды. Бұл құжат – мемлекеттік органдар үшін координациялық бағдар, ал қоғам үшін ел болашағының айқын көрінісі. Онда азаматтық жауапкершілік, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік әділет, қоғамдық келісім сияқты іргелі ұстанымдар жүйеленді. Яғни ішкі саясат енді жекелеген науқандармен емес, біртұтас құндылықтық жүйе арқылы жүзеге асатын болды.

IV Ұлттық құрылтайдан кейін көптеген нақты іс-шара жүзеге асырыла бастады. Сол Бурабайда өткен құрылтайдан кейін қабылданған 53 тармақтан тұратын арнайы жоспар – осы өзгерістің айқын көрінісі. Бұл – жай ұсынымдар жиынтығы емес, орындалуы міндетті саяси бағдар. Аталған жоспар аясында 10 заң жобасын әзірлеу, бірқатар стратегиялық және концептуалдық құжаттарды қабылдау көзделді. Соның ішінде ішкі саясаттың негізгі қағидаттары мен құндылықтарын жүйелейтін тұжы-рымдамалық құжатқа ерекше мән берілді. Бұған қоса әлеуметтік, инфрақұрылымдық және құқықтық бастамалар әзірленіп, тиісті құзыретті органдарға жолданды.

Осылайша, қоғам мен билік арасындағы жауапкершілік қатынасы нығайып, құқықтық тәртіп жүйесі жетілдіріле бастады. Жұртшылық пен билік арасындағы алтын арқау іспетті Ұлттық құрылтайдың тағы бір миссиясы – қоғам сұранысын мемлекеттік саясатпен ұштастыру. Осы орайда құрылтай қоғамдық көңіл күйді айқындап, реформалардың мазмұндық негізін қалыптастыру бағытында ұдайы әрекет етіп келеді. Көптеген күрделі қадамның легитимдігін арттыруда, яғни қоғам үшін күрмеуі қиын шешімдерді қабылдауда қоғамдық ой-пікірдің ықпалын күшейтуде бұл алаңның тиімділігі айқын сезіледі. Бұл ретте құрылтайдан шыққан әр ұсыныс ресми түрде резолюцияға енгізіліп, кейін Президенттің тапсырмасымен Үкімет пен профильді органдар арқылы іске асырылады. Дегенмен бұл үдеріс әлі де толық

ашық емес – қоғам үшін бастамалардың қай жерде, кімнің жауапкершілігінде және қашан жүзеге асатыны әрдайым көрініп тұрмайды. Бұл – болашақта жетілдіруді қажет ететін маңызды мәселе. Аталған функциялар әсіресе «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыруда айрықша мәнге ие. Көптеген азамат үшін құрылтай – ел тағдырын айқындайтын алаң болса, мемлекет үшін – әрекет етуге бағыт беретін бағдаршам.

БОЛАШАҚ – БІЛІМ МЕН
ИННОВАЦИЯДА

Президент «Қазақстан – жас, білімді азаматтары бар мемлекет. Мақсатымыз – олардың әлеуетін барынша пайдалану, инновациялық экономика құру, әділетті қоғам орнату», деп атап өтті. Осыған орай Ұлттық құрылтай – жастарды да өз жұмысына тартып, оларды мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуына қатыстыруға жол ашып отыр. Сондықтан құрылтайда білім сапасы мен гуманитарлық саясат, тарихи жады мен ұлттық бірегейлік мәселелері – ерекше назарда. Елдің өткенін білу – болашаққа бағдар, ал жас ұрпаққа сапалы білім беру – мемлекеттің тұрақтылығының кепілі.

IV Ұлттық құрылтайдан кейін шынайы іс-қимыл кезеңі басталды деуге негіз бар. Қазақстанның болашағы – білім, инновация, әділеттілік, қауіпсіздік және тең мүмкіндік арқылы жасалатыны анық. Ал құрылтай осы бағдарлардың барлығында қоғам тынысын жіті қадағалап, жоғары билікке дәл жеткізетін алаңға айналып отыр. Яғни қоғамның әр тынысы, әр талабы мемлекеттік шешімдерге әсер ететін кеңістік – Ұлттық құрылтай. Алғашқы жылдары ол кеңес беруші, идеяларды талқылайтын орын болса, бүгінде күрделі реформалардың генераторы, нақты заң жобалары мен мемлекеттік концепциялар туындайтын орталыққа айналды.

Ономастика, тарихи жад, тіл саясаты, білім және тәрбие мәселелері – барлығы осы алаңнан бастау алып, мемлекеттік іс-қимылға жол тапты. Ұлттық құрылтай – қоғам мен мемлекетті өзара ыңкәысуға бастайтын берік арқау. Мұнда мемлекет шешім қабылдамас бұрын тыңдауды үйренсе, қоғам талап қоюмен қатар дәлел келтіруге, жауапкершілік алуға бейімделе бастайды.

Бұл үрдіс баяу жүруі мүмкін, бірақ бала-масы жоқ. Құрылтай қазірдің өзінде қоғам-ның үнін естіп, әлеуметтік сигналдарды заң-намалық және институционалдық шешімдерге айналдыра алатынын дәлелден келеді.

Елдің болашағы – білім, мәдениет, әділеттілік, қауіпсіздік және тең мүмкіндік арқылы құрылады. Ал Ұлттық құрылтай – осы үдерістің жүрегі, қоғамдық сұранысты нақты іс-қимылға айналдыратын күш. Сөзден іске өту, идеядан шешімге жету – дәл осы құрылтайдың миссиясы.

СӨЗ БЕН ІСТІҢ БІРЛІГІ

Қорыта айтқанда, қазіргі Ұлттық құрылтай – жаңа институт қана емес, мемлекеттің қоғаммен сөйлесу тәсілінің түбегейлі өзгергенін білдіретін форма. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл алаңның мәнін айқын атап өтті: «Ұлттық құрылтай – дискуссия үшін жиналатын клуб емес. Бұл – қоғамдық ойдың мемлекеттік шешімдерге ықпал ететін тетігі». Бұл сөздің астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Себебі сөз – айтылған жерде қалмауы керек, ол іс арқылы дәлелденуге тиіс.

Ұлттық құрылтайдың күші – оның тірі организм секілді өзгеріп, дамып отыруында. Оны шамадан тыс регламенттеу оның табиғи диалогтік сипатын әлсіретуі мүмкін. Дегенмен бір мәселе анық: ұсыныстардың орындалу барысы қоғамға түсінікті әрі ашық болуға тиіс.

Құрылтай – биліктен талап ету алаңы ғана емес. Бұл – қоғамның өзіне қойылатын сұрақтардың мінбері. Біз не талап етеміз? Біз соған дайынбыз ба? Біз жауапкершілікті бөлісуге әзірміз бе?

Президенттің сөзімен айтқанда, «Қушті мемлекет тек биліктің күшімен емес, жауапты азаматтардың санасымен қалыптасады». Қазақстан бүгін таңдаудың алдында тұр. Сөз айтылды. Бағыт айқындалды. Заң қабылданы. Енді ең күрделі кезең басталады – іске асыру кезеңі. Ұлттық құрылтай осы жолда қоғам мен мемлекеттің арасындағы үнсіз келісімді бекітетін алаңға айналуға тиіс. Айғайсыз, бірақ терең. Даңғазасыз, бірақ нақты. Сөз бен істің бірлігі нақты нәтижеге жеткізері анық.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Президент жанындағы Ұлттық
құрылтай төрағасының орынбасары,
Сенат депутаты
Egemen Qazaqstan

ӨҢІР ТАРИХЫНДА ӨЗГЕШЕ ЖИЫН БОЛМАҚ

«Сыр – Алаштың анасы» деп бекер айтылмаған. Сыр өңірінде, Қызылорда облысында Сақтардың астанасы, қорғаны болған көне Шірік-Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Қазақ хандығының ақ ордасы Сығанақ – өлкенің өшпес шежіресі.

1711 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданындағы Қарақұмда Қазақ хандығының құрылтайы өткен. Бұл Құрылтай қазақ халқын Ұлы Женістерге жетелеп Қасқа, Жауғаш деген жерлердегі «Қалмакқырылған» деген шайқастарға жеткізген. Ал енді Қызылорда қаласында өтетін Ұлттық құрылтай қай тұрғыдан құнды болмақ?

Бұл алдымен қазақ тілінің мәрте-бесін көтеретін құрылтай болады деп сенеміз. Қызылордада өтуі өте маңыз-ды. Өйткені осы қалада осыдан 100 жыл бұрын 1925 жылы Қазақ АССР астанасы болып, Қазақ атауы қайта

жаңғырды. Сондықтан осы құрыл-тайда қазақ елінің ұлттық рухын көтеретін шешімдер қабылданатынына сенім мол. Қазір әлемде небір дүрбелең болып жатыр. Оның барлығы біздің елге де салқынын тигізбей қоймайды. Осы ретте біз қауіп төндіретін ықпал-дардан сақ болуымыз қажет. Жастар-дың патриоттық сезімін жоғары деңгейге көтеруіміз керек.

Тағы бір мәселе – ұлттық тәрбие. Қазақ халқында бұрын үлкенді құрметтеу, сыйлау жоғары категорияда тұрған. Сонымен қоса үлкендердің алдында анайы, былапыт сөз айтпау

қатты қаралған. Ал қазір бұл әдеп төмендеп жатыр. Қоғамдық жерлерде де кейбір жастар қымсынбайтын бол-ды. Қазақ кинофильмдерінің өзінде былапыт, дөрекі сөз айтып түсетін көріністер тым жиіледі. Енді бұған тоқтам жасамаса болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан осындай тәрбие көзінiң өзін түзейтін кез келді.

2022 жылдан бері Ұлттық құрыл-тайлар өтіп жатыр. Мақсаттары айқын, нәтиже де бар. Қарапайым халық соны сезіне, біле түсуі үшін насихат күшеюі тиіс.

Қазақ халқының сонау әурез тойлап келген төл мерекесі – Наурыз туралы жаңа тұжырымдаманы халық қуана қарсы алды. Осындай жақсы ұлттық рухты көтеретін бағдарламалар көп болғаны дұрыс. Қазақтың ұлттық киімдері былайғы күннің өзінде

халықтың намысын оятып, бір сер-пілтіп тастады. Халық еш қысылмай күнделікті киіп жүретін болды. Керемет көрініс, көшеде көрсен жар-қырап бара жатады.

Алдыңғы құрылтайларда Алтын Орда мемлекеті, Жошы хан туралы мәселелер айтылды. Орындалып жатыр, деректі фильм шықты, бүкіл әлемге мықты дәйектеме болды. Алтын Орланың түп тамыры бізде жатқанын әлем білуі керек, бізде ұлы империялар болғанын ашық айта беруіміз қажет.

Тағы бір мәселе, Қазақстанда VIII ғасырда өмір сүрген Түргеш қағанаты болған. Араб шапқыншылығына тойтарыс беріп, «Сүзген» деген атақ алған Сұлу (Сұлук) қаған болған. Бұл бабамыз 738 жылы ерлікпен қаза болады. Есімі ұмытыла бастады. Ұлт-

тық рухты көтеруде осындай тұлғалар есімін тірілте беру керек деп ойлаймын.

Сонымен қатар алдыңғы Ұлттық құрылтайларда айтылып келген ЮНЕСКО тізіміне Сыр өңірінің тарихи қалаларын да енгізуге болады. Мысалы 1219 жылы Шыңғыс ханнан Отырар қаласын 6 ай қорғаған Қайыр хан осы Сыр бойының Жалағаш ауданындағы Жент қаласының тумасы, бұл кісінің есімін де, Жент қаласының мәртебесін де жарыққа шығарып тұрсақ жақсы болар еді.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылордада өтетін Ұлттық құрылтай өңір тари-хында ерекше оқиға болғалы тұр.

Бакытжан АХМЕТБЕК,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің докторанты.

Өмірде саған әйтеуір бір себептермен көмегі тиіп жүретін жандар болады. Ол әдейі жасамаса да, сенің бір қиналған не бір нәрсеге қажеттілік туған кездерінде сол кісінің сәл де болса көмегі тиіп, қол ұшын созатын реті келе қалады. Мұнысын бәлкім, ол өзі де байқамай, жанына біткен адами дағдысы бойынша жасайтын сияқты. Бұлдамайды да, білдірмейді де. Бұл құбылыстың әлдебір жаратылыстық құпия сыры да болуы мүмкін-ау деп ойлайсың кейде. Болса болар. Өйткені болмыстың біз білмейтін сырлары қаншама... Осындай абзал жандардың бірі – біздің көбімізге ортақ ағамыз, әріптесіміз, жаны жайсаң жақсы жан филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Жеңіс Сәдуақасұлы дер едім.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ ЖАН



Жалпы адамға жақсылық жасау үшін кішкене ғана ықыластың өзі аса маңызды болатын сияқты. Біз ғылым жолына түскен өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы, 90-жылдарының бас шенінде елде бірқатар экономикалық қиындық орын алып тұрған болатын. Қазір бір қарағанда, елеусіз-ақ нәрсе болып көрінер, бірақ сол қиындықтардың қарапайым бір көрінісі ретінде есте қалған бір жай ойдан шықпайды. Былай қарағанда, уәж емес, жай ғана бір нәрсе сияқты. Бірақ астарына үңілсем, осы бір оқиғадан әлдеқандай заңдылық көремін де тұрамын. Мен ғылыми тақырыбымды 1991 жылы академияның Тіл білімі институтында бекітіріп келіп, жазуға енді талап қыла бастаған кезде, сізге өтірік, бізге шын, жазатын қағаз табылмаған десем, сенер ме едіңіз? Иә, кәдімгі ақ қағаз. Қарапайым дәптердің өзін табу мұң болған шиктар еді. Қазір енді ертегі айтқандай болып көрінерміз, бәлкім, бірақ бұл ақиқат шындық еді. Уақытша болса да, сол бір кезең ел өміріне біраз қиындық келтіргені рас.

Айтайын дегенім, дәл осы кезде Жәкен ағам маған көктем түскендей мол сыйлық жасамасы бар ма! Бір бума, шамасы 5-6 келі болатындай кәдімгі А-4 жазу қағазын көтеріп әкеліп қолыма ұстата салғаны бар. Өрине, қазіргі қағаздардай аппақ болып жалтырап, көздің жауын алып тұрған жоқ, өңін беріп, біраз сарғыш тартқан осы үлкен бума қағазды алған сәтім әлі көз алдымда.

– Осыны пайдалан, бала, біраз жерге жетіп қалар, – деді ағамыз жимия күліп. Десе дегендей, бүкіл жұмысым осы қағаздарға жазылып шықты, қазір қолжазба күйінде сақталған бұл дүниелер әлі де қымбат көрінеді. Өйткені бұл ақ алал көңілден, тілектес ниеттен шыққан үлкен ықылас болатын. Иә, бұл басы ғана екен. Мұнан соң да осы бір қарапайым адал жанның алғаусыз жақсы қолдауларын аз көрмедім.

Ғылым жолына кештеу келіп, бұл ортамен қырықтың қырқасын шалғанда ғана араласа бастаған мен үшін қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің табалдырығын оқытушы болып аттау, әрине, өмірімдегі үлкен сәттілік болды. Мұнда да сол кездегі Гоголь атындағы Қызылорда институтына ректор болып келген абзал азамат, марқұм Айтмұхамбетов Абай бауырымыздың шапағат шұағын сезген болатынбыз. Алдына барған талабымызды қайтармай, бірден шешім қабылдаған сол азаматтың кісілік келбеті де көз алдымда. Анау-мынау былық-шылықтан адал Абай ағамыз бұрын-соңды танып-білмеген мені ә дегеннен жылы қабылдап, өмірімде ерекше маңызды болған жаңа бағытқа, бүкіл ғылыми тіршілігімнің бастауы саналатын бағытқа салып жіберуі, әрине, маған тағдырдың сыйындай көрінеді. Онан соң марқұм ф.ғ.д., профессор А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің меңгерушісі болған Есенов Қайырболат Мұқанұлының аялы алақанының жылылығын көп сездік. Өз ісіне шын берілген Қайырболат аға шәкірттеріне барынша еркіндік беретін, бетінен қақпайтын, қандай бағытта болса да еркін сөйлесетін. Жәніс аға екеуміз осы Қайырең арқылы да бір-бірімізге жақындай түскендейміз. Ол кездегі астанамыз Алматыдан университетке мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып талай ағаларымыз, белгілі ғалымдар келетін. Академик З.Қабдолов, профессорлар М.Жолдасбеков, Р.Өміров, Қ.Есенов ағалармен біздің Қызылорда университетінің жас талап ғалымдары осылай араласқан-ды. Олар осындағы ғылым қуамын деген жас талапкерлерді

қанатының астына алып, балапандай баулитын, ағалық кеңестерін аямайтын. Қайырболат ағаның да талай талапкерге көмегі мол болды.

Иә, осындай ізгі жандардың ізін қуып, солардың өнегесін алған ұрпақтың алдыңғы легінде Жеңіс ағамыз тұр. Қазалы өңірінен, теңіз жағасынан өсіп шығып, бірқатар қиындықпен қақтығыса жүріп, өзінің өршіл талабының арқасында, өмір жолында жолыққан жақсы жандардың демеу-қолдауымен Жәкен ғылымда, әсіресе, қазақ тілі білімінің морфология және синтаксис салаларында қажырлы еңбек етті. Қадірменді ұстаздары М.Томанов, С.Омарбеков, Қ.Есенов, т.б. ағалардың басшылығымен жасаған ғылыми ізденістері нәтижесіз болған жоқ. Ғылым кандидаты және ғылым докторлықтың сәтті қорғап, университет қабырғасындағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі еңбек етті. Тіл ғылымының түрлі салалары ішінде синтаксис саласында ғалымдар аса көп те емес. Мұның түрлі себептері де бар деп айтып отыратын кезінде марқұм ұстазымыз, ғылыми жетекшіміз болған профессор Қ.Есенов ағамыз. Сол қиындықтарының бірі сөйлем табиғатының аса күрделі коммуникативтік мақсаттармен байланысты сан түрлі құбылып, адамзат қарым-қатынасының әр алуан әлеуметтік, қоғамдық, психологиялық, т.б. қажеттіліктерін қамтамасыз етуінің сырларын түсіндіру болатын. Қазіргі жасанды интеллект қызметінің бастауында да кезінде белгілі америкалық ғалым Наом Хомский бастаған сөйлем табиғатын құрылымдық тұрғыдан зерттеу бағытындағы еңбектер тұрғаны бекер емес. Біздің Жәніс ағамыздың зерттеулерінде де қазақ тілі сөйлемдерінің құрылымдық үлгілерін жасау талабы алғаш көтерілген болатын. Оның үстіне, әдетте қалыптасқан тіл ғылымында грамматикалық форма мәселесін алдыңғы орынға шығарып, ал мағына жағын осы грамматикалық тұлғалар арқылы айқындайтын бағыт қалыптасқан еді. Жәніс ағамыздың докторлық жұмысының ерекшелігі – сөйлемнің құрылымдық-тұлғалық жағы мен мағыналық жағын өзара байланыста алып қарастыруы болды. Бұл жай да – қорғау кезінде сарапшылар тарапынан назар аударылған мәселе. Қазір бұл бағыттағы зерттеулер тіл ғылымында басымдық алып отыр. Өйткені, шынында да, сыртқы форма ішкі мағынаны бейнелеудің амалы екендігі ақиқат. Осындайда сөз ретіне қарай айта кетуге тура келеді, тіл ғылымының синтаксис саласының кейінгі зерттеулер жағдайы маз емес. Себебі бұл бағыттағы алдыңғы топтағы жетекші ғалымдар өмірден озды. Ал қазіргі кездегі магистрларымыз бен докторларымыз заманауи сәнді, бірақ ғылымға аса тереңдей бермейтін жалтырақ тақырыптарды майданып жататынын несін жасырайық. Бұл жерде мәселе ғылым саласындағы қазіргі саясатқа да байланысты, әрине. Ғылымның сапасына емес, санына қарай ұмтылған бұл үдеріс түбі жемісті бола қоярына сенім жоқ. Соның көрінісі болар, қазір бір ЖОО жанындағы Ғылыми кеңесте жылына 10-15 ғылым докторы қорғап жатады. Бұл да бір заманның соққан желі шығар дейсін де қоясың. Қоймағанда қайтесін.

Ғылым жолы сайрап жатқан даңғыл емес. Біздің де осы бағытта еңбек етіп келе жатқанымызға біраз уақыттың жүзі ауды. Әсіресе, адамзат тілі пайда болуының тереңіне үңілетін генетикалық тіл ғылымы бағытындағы жұмыстарымыздың жолы аса күрделі болды. Қолдаушылары да, қарсылары да аз болмаған осы ғы-

лыми бағытымда әуелден-ақ маған тілектестік білдіріп, әділ пікірін айтқан жандардың бірі де – Жәніс аға. Ол менің ұйымдастыруыммен генетикалық тіл ғылымына арналып өткен ұш халықаралық конференцияда да баяндама жасап, өз көзқарасын айқын айтумен келеді. Алғаш менің 60 жылдық мерейтойыма байланысты конференцияда Жәкен аталған мәселенің аса күрделі екендігіне, бұл туралы әлемдік деңгейдегі В.Гумбольдт, А.Шлейхер, Жан Жак Руссо, т.б. сынды белгілі ғалымдар еңбегіне назар аударға келіп: «Бұл бағыттағы ізденіс әлі де жалғасын табада. Соның бір куәсі – бүгін 60-тың асқарына шығып отырған Шанжархан Бекмағамбетовтің зерттеу жұмысы дер едік. Оның «Тілдік таным негіздері және тілдік символдар» (1999) аталатын еңбегін оқи отырып, оқығанда да қайта-қайта ежіктеп, түсінуге барынша тырыса отырып танысқанымызда, шынында да, бұрынғы ғалымдардың ой-пікірлеріне мүлдем ұқсамайтын, жаңаша көзқарасты байқағандай болдық. Байқадық та, осы бір тосын ойдың, кез келген тілші ғалымды елең еткізер жаңалықтың иесі біздің ортамызда екеніне қуандық, шүкіршілік жасадық. Күні бүгінге дейін адамзат тілі пайда болуының ғылыми негіздері айқындалған жоқ деп есептеген ғалым осы бір өзіне дейінгі талай ғұламалардың басын ауырып, тізгінін ұстатпай келген ауыр да қиын мәселені өзінесе пайымдап, өзінесе шешуге ұмтылады» деп, ақиқатты айтып қана қоймай, оған деген өзінің жүрекжарды қуанышын да жеткізеді. Қалайша риза болмасың! Біз мұны, әрине, нағыз ғалым адамның адалдығы, ағалығы, азаматтығы деп қабылдадық. Ал өмірде, әсіресе, ғылымда жаңалыққа жар сала қуану түгелі көбіне таяқ ала қарсы ұмтылу жиі болатынын көріп те келе жатырмыз.

Шыны керек, ғылым адамының тіршілігіне әрқашан қолдау, демеу керек екені белгілі. Қазіргі нарық заманында түрлі жолдармен қаражат табушылар да жоқ емес екені рас. Бірақ біздің кейіпкеріміздің еңбек еткен аумалы-тоқпелі кезеңінде көпшілік, әсіресе, жастар жағы ғылым қууды емес, ел өміріне жаңадан араласып жатқан тіршілік үдерісіне еріп, ақша табуды көбірек ойлауға мәжбүр болды. Ал ғылымды өзінің өмірлік мұраты деп білген Жәкен сынды азаматтар қинала жүріп, сол диттеген мақсатынан таймаудың барынша күш салды. Олардың бар демеушісі осындағы ізгі мұраты, айналасындағы туған туыс, етжарың бауырлары ғана еді. Осы қиындықтарды Жәкен де өзінің басынан өткергені көз алдымызда. Бірақ соның бәріне мойымай, «көппен көрген ұлы той» деп, жасымай, жасқанбай, жеңіп шығуына, әрине, ағамыздың отбасының, өмірлік жары Орынбике жеңгеміздің қосқан үлесі аса зор. Бір салада қатар еңбек етіп келген жарасымды жұптың сәнді де мәнді тіршілігі «азға – қанағат, көпке – берекет» деген адами алтын қағидамен өлпінтеліп, бүгінде өсірген ұрпақтарын көзқуаныш етіп, солардың тілеуін тілеп, абыз ата-әже болып отырған шағы бұл. Бүгінде сексеннің сеңіріне көтеріліп отырған абзал ағамызға болса да аман-сау болып, ұрпағының қызығына тоймай, Алланың берген қуанышын тойлай беруіне тілектестік білдіреміз. Өмір жақсы адамдардың жақсы істерімен гүлденеді.

**Шанжархан
БЕКМАҒАМБЕТОВ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
доценти**



БІЗДІҢ БАҚЫТ

немесе жетпістегі жігітке мінездеме

Жемісті жетпіске жету де – бір бақыт. Бұл жастағы адамдардың сөзінен де, өзінен де шапағат сезіліп тұрады. Олар – пәндауи тірліктен биік, ақыл-парасаттың алтын тәжин киген «патшалар».

Бұл жандардың ондай қасиетін жақын болған жандар жақсы сезінеді.

Біздің Бақыт деп отырғанымыз – баспа ісі саласының ардагері Бақыт Қайымов.

Бақытжан Өлібекұлы Қайымов 1956 жылдың 17 қаңтарында Қармақшы ауданында дүниеге келген.

Өкесі Өлібек Отан соғысының ардагері, бейбіт өмірде тәртіп сақшысы болып, милиция сапында Қазалы, Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімдерінде жауапты қызметтер атқарды.

Өлібек әке мен Бибайша ана Бақытжан, Сайлау, Әубәкір, Қайрат, Орынбасар атты бес ұлды тәрбиелеп, қатарға қосты.

Бес ұл да еңбекшіл, елшіл, ағайынға адал, айналасына сыйлы азаматтарға айналды. Солардың ішінде біз үшін де, жұрт үшін де «сегіз ұлым бір төбе, Ертістігім бір төбе» дегендей, Бақыт басқалардан еректеу болды.

Өлібек соғысқа аттағанда мектепте оныншы оқып жүр екен. Анасы «баланың белі бесіктен шыққан жоқ» деп жылапты. Сонда әкесі Қайым: «Баланың Отан қорғауға жараған батыр болғанына қуанбайсың ба?», – депті.

Не деген қайсарлық, не деген қайрау! Сол Өлібек шынында батырларша алысып, Германиядан кейін Жапон соғысының жалынын кешіп, әкесінің рухты сөзімен елге аман оралған.

Осындай тәрбиеден шыққан әкенің балалары осал бола ма?!

Еңбек жолын 1976 жылы облыстық «Политграфиздат» мекемесінде бастаған Бақыт Қайымовтың осы салада еңбек еткеніне биыл елу жыл толыпты! Сол кезде Дон Николай деген кісі бастық екен, сол кісінің жұмысқа қабылдағаны есінде. Бақыт осы облыстық мекеменің №12 баспаханасына қатардағы баспагер болып орналасқан. Шамалы өткен соң Құланбай Сариев бастық болып келді. Адамшыл, адал жан болатын, жұмысқа да талабы күшті.

Баспаханада «3-АГА» деген машина болатын. Бақыттың жұмысы осы құрылғының қасында. Олово, свинец, сурьма деген қорғасындарды ерітіп, оны қалыпқа құйып, әріпке айналдыратын өткен ғасырдың жұмысы қара тердің күшімен атқарылды. Әр заманның өз қиындығы бар. Бір бағытмен салыстырғанда оңайлау болғанымен бүгінгінің қасында арқаға тас арқандай еңбек еді. Жазудың жабайы пиктографиялық түрі адамдарға оңтайлы қызмет ете алмады. Бұдан алты жүз жыл бұрын өмір сүрген өнертапқыш Иоганн Гутенберкке рахмет, баспа саласының құрылғыларын ойлап тапқан сол. Әйтсе де қазіргі жетістікпен сол сорлы өнертапқышқа аяй қараймыз.

Бақыттың уақыт кезені де бар жұмысты қол күшіне салды.

ПІРГ, ПВГ деген лентив машинада Алла Ивановна, Нұрзипа, Нарипа, Қадима апайлар сарт-сарт еткізіп, қорғасынмен әріп теріп отыратын. Анай дейміз, олар да сол кезде жас қыз-келіншектер. Сол терімді қыймаға айналдыру үшін темір пуан-соңды жұмсақ көмбіс метал мысқа таңба түсетіндей етіп үстінен 400 атмосфера қысыммен басады, сонда матрица шығады. Матрица таңба түскен соң ойық болып, сол ойыққа қорғасын мен қалайының қуымасы түседі. Матрицалар «полоса» деген жартылай цилиндр жасалады, оның салмағы 20 келідей. Қазіргі баспаханадағы осы цилиндрдің салмағы 200 грамм екен. Бұрының кездегі жұмыстың ауырлығын осы салмақпен де салыстырып білуге болады.

Бақыт айтқан бір ауырлықты мысал ете кетейін. «Бір күні «3-АГА» деген машинадан 3 тонна қорғасын жерге төгіліп кетті. Оны ыстық күйінде жинап ала алмайсың, қатқанып күтіп, сосын ломеннен ойып, оны қайта ерітіп, бес-алты сағат уақыт арналыстық. Ал газет ешкімді күтпейді, ол әр күні аздаң әр жазылымшының үйінде жату керек. Сөйтіп, түнімен жұмыс істеп, таң атырып, үйге қайтпай, ертеңгі жұмысты жалғастырдық». «Е-е, қазіргі біздің жұмыс сағат онға дейін созылды дегеніміз астам-шартылық екен ғой», – дедім мен, мына әңгімені естіп.

Бақыт өткен күндерді еске түсіргенде баспаханадағы осы жұмыстардың тарсылдаған үні құлаққа келеді. Ол құрылғылардың қасында тұрып екі адам айқайласып сөйлеспесе бір-бірін естімейді. Қазір сыбырласып тұра бересіз.

Бақыт баспаханада жүріп қанша жақсылармен әріптес, сыйлас болды. Бүркітбаев,

Елдесбек Сәдібеков, Сүйіндіков, Евгений Хан, Сейіл Боранбаев, Болат Қарғабаев... осы кісілердің бәрі облыстық «Политграфиздатты», баспахана ісін басқарды. Шахмаран Исмаилов, Ернар Тағыбаев сынды осы саланың мамандығын Мәскеуден оқып алған білгір баспагерлер де жұмыс істеді.

Баспахана жұмысы редакциямен тығыз байланысты, бірі астыңғы, бірі үстіңгі жақ сүйегіңдей, екеуі бірге қимылдаса ғана тамақ жейді.

«Жейді» дегеннен еске түседі, сол кезде тілшілер газетті мақалаларға қалай толтырып, жазу материалдарын қалай үлгертер-мен? Газет күн сайын шығады, күн сайын журналистерді «жеп» жатады.

Редакцияға кіргенде Шора Ералиев, Құрманғали Ажаров, Мырқы Исасев, Нұрпейіс Байғараев, Шайзада Рахметбеков, Қайыр Қорасан, Ақберген Ержан сынды үлкен кісілер таудай болып отыратын. Бала Бақыттар газетшілер кеңсесіне именіп кір-ті. Шынында, сол кісілер тау тұлғалы еді, газет «жеп» таусатындай дене емес. Сол тауларды уақыт уатып, аласартты.

Үлкен кісілердің жылы сөзін естісе желініп қалатын жастық-ай. Есіктен имененетін Бақытқа редактор Қалқабай Өбенов «Әй, сарбала...» деп көңіл бұратын. Еңбегіне риза болғаны, бәлкім еркелеткені... Бүгін сол сөзді айтатын біреу жоқ.

Иә, уақыт барлық тауларды уатып тастайды, ол ешкімге бағынбай өз жолымен ман-маң басып кете береді.

Осылайша, баспаханадағы жылдар жыл-жып өтті. Әркім әр жакқа кетті. Бақыт осы саланың қызметінен ешқайда бұрылмады. 2005-2008 жылдары ғана сал өзгеріс болды. Онда да баспа саласында қалды, «Aral Print House Сервис» ЖШС-да баспагер, техноло- және директордың міндетін атқарушы бо-лып тек жұмыс орны ауысты.

2010 жылы «Сыр медиа» ШЖҚ МКК мекемесі құрылды. Ол 2013 жылы серік-тестікке айналып қалалық, аудандық газеттерді бір орталыққа топтады. Әуелі заманауи баспахана ғимаратын салып, оған «Cityline» маркалы типолитке баспақондыр-ғы орнатылды. Осы типографияның салынуы мен оған шетелдік қондырғының келуі «Сыр медианың» сол кездегі басшысы, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаевтың тікелей еңбегі.

Сағатына 35 мың тиражбен еск келген пішіндегі газетті басып шығара алатын мұндай технология басқа облыстардың ешбірінде жоқ еді.

Жаңа баспахана ашылғанда басшылық оған Бақыт Қайымовты директор етіп бекітті. Бақыт бұл саланың арнайы оқуын бітірмесе де, өмір мектебінен мол тәжірибе жинаған білгір маманға айналған еді. Сонымен бірге оның өндірістік үдерістерді тиімді басқаруы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында баспаханың тұрақты жұмыс істеп, өзге өңірлердің де газет-терінің басылуына қол жеткізілді. Қазірдің өзінде осы баспаханадан Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жезказған облыстарының бірнеше газеті басылып отыр.

Ежелгі римдік билеуші Цезарь «Бардым, көрдім, жеңдім» деген бір ауыз сөзімен бір соғыстың тарихын баян етіпті. Бұл енді мақала ғой, бір адамның бейнесін екі ауыз сөзбен жасау журналистің ең қиналатын тұсы.

Айтып-айтпай не керек, біздің Бақыт та жетпіске келіпті.

Үнемі күліп, әзілдеп, көңілді жүретін адамдар болады. Сіра, олар «сен өмірге күліп қарасаң, өмір де саған күліп қарайды» деген тәмсінді берік ұстатқан. Біз көп күйлегектенеміз, іт үрсе де бар ашуымызды төгеміз, ал, ит үрмегенде қайтеді, сөйлей алмайды ғой. Сабырлы, байыпты, біреудің жоғына өзінің барын салатын, көңілмен көңіл суарып көптің ішінде дара жүретін жандар көп пе?! Осы мінездеме – Бақытқа деп.

Мен өзім Бақыттың осындай қасиеттерін ұнатам. Інісі болсам да досындай сөйлесем, сірә, осындай жандар қарттыққа да бейім емес-ау. Болмыс-бітіміне қарасаң алыстан аспаған, жан дүниесі одан да жас.

Асыл жары Айтұл апай екеуі Әсел, Асыл есімді күміс қасықтай екі кыз тәрбиелеп өсірді. Олар да өз шаңырақтарын көтеріп, ата-анадан алған тәлімнен шарттықты өмір сүріп жатыр.

Бақыт әлі баспаханада қызмет етіп жүр, «ASU» баспа үйінде өндіріс меңгерушісі. Ширақ, әбіжіл, сергек, сенімді, адал. Жаратушым «жетпістегі жігітті» осы күйінен айырмасын деп тілейміз.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»**

«Қызылорда облысында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №209 Қызылорда облыстық мәслихаты шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда облысында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №209 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №219285 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

1. «Ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін:

1) Қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін:

- 2026 жылғы 1 сәуірге дейін – 30 теңге;

- 2026 жылғы 1 сәуірден кейін – 70 теңге;

2) Қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін:

- 2026 жылғы 1 сәуірге дейін – 40 теңге;

- 2026 жылғы 1 сәуірден кейін – 120 теңге;»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М. Тлеумбетов

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ



Санаулы күн бұрын ғана табалдырығымызды аттаған жылқы жылында ел дамуының жана тынысы ашылмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, ел дамуының негізгі бағыттарын, алдағы реформалардың маңызын және қоғам алдындағы ортақ міндеттерді айқындады.

Бұл тыннан соғылған түрен емес. Әлем елдері бүгінде жасанды интеллект көмегімен ауыз толтырып айтарлықтай деңгейге жетті. Медицина, ғылым және білім, өнеркәсіп, өзге де жетекші салалардағы жаңалықтың жемісін көру жайында Президент осыған дейін де талай мәрте айтқан болатын.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін. Жасанды интеллектің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тын серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» деген болатын.

Расында, қазіргі таңда әлем дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі – жасанды интеллект. Ол тек өндіріс пен ғылымда ғана емес, білім беру саласына да түбегейлі өзгерістер әкеліп отыр. Колледж қабырғасында еңбек етіп жүрген мұғалім ретінде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен жауапкершілігі туралы ой бөлісу – біздің де міндетіміз. Тек ой бөлісіп қана қоймай, Мемлекет басшысы жүктеген талаптан шыға білуіміз қажет.

Жасанды интеллект – деректерді талдап, үйреніп, шешім қабылдай алатын технологиялар жиынтығы. Өзіміз еңбек етіп келе жатқан білім беру саласында

студенттің оқу деңгейін талдап, жеке траектория ұсынуда, оқу материалын визуализациялап, түсінуді жеңілдетуде, бағалауды автоматтандырып, мұғалім уақытын үнемдеуде, инклюзивті білім беруде ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға қолдау көрсетуде таптырмас мүмкіндікке ие.

Біздің колледжде де бұл мүмкіндіктер әсіресе, кәсіптік бағдар беруде, практикалық дағдыларды қалыптастыруда маңызды. Алайда бір нәрсені естен шығармаған абзал. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның ролін жаңа деңгейге көтереді. Күнделікті жұмыстар біз айтып отырған жаңалық арқылы жеңілдеген уақытта мұғалім студентпен тікелей жұмысқа, тәрбие мен құндылық қалыптастыруға көбірек көңіл бөле алады. Демек, мүмкіндіктер жолы ашылады.

Қазіргі уақыттың өзінде колледж тәжірибесінде жасанды интеллект элементтерін қолдану оң нәтиже беріп отыр. Мәселен, онлайн тренажерлар арқылы мамандыққа бейімдеу, симуляциялық бағдарламалармен қауіпсіз ортада тәжірибе жасау, интеллектуалды тесттер арқылы білім саласындағы олқылықтарды анықтау секілді дүниелерді күнделікті көріп отырымыз. Бұл студенттердің қызығушылығын арттырып, өз бетімен ізденуіне жол ашқаны бізді қуантады.

Десе де әр нәрсенің шегі мен жауапкершілігі бар. Сондықтан жасанды интеллектті қолдануда этикалық мәселелерді естен шығармау қажет. Әсіресе, дербес деректердің қауіпсіздігі басты ұстанымымызға айналуы керек. Сонымен қатар ол дайын жауап беретін құрал емес, ойлануға жетелейтін көмекші екенін үйретуіміз ләзім.

Міне, жасанды интеллект – уақыт талабы. Уақыт көшінен қалыс қалсақ, даму жолында да көштің басына шығу мүмкін емес. Оны дұрыс қолдана білген педагог қана сапалы білім мен саналы тәрбие бере алады.

Самал ЖЫЛДЫБАЕВА, Арал қоспалық колледжінің информатика пәні оқытушысы

Хабарландыру

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық орталық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық орталық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Конкурс өткізілетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №212 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120000, «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 60, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-51-86, e-mail: gcpkzo@med.mail.kz Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық орталық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: Қызылорда қалалық халқына алғашқы медициналық-амбулаториялық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің:

- 1) Денсаулық сақтау салаларындағы кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) Денсаулық сақтау салаларындағы басшылық қызметте (занды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің;
- 3) Денсаулық сақтау салаларындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

Конкурса қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурса қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 6) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының нотариалды расталған көшірмесіне соңғы жұмыс орнына қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Үміткер конкурстық өтінімін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.

Хабарландыру

«ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 19 ақпаны күні сағат 15.30-да Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренозек кенті, Қонаев көшесі, 8 мекенжайында «ҚОР «МК» АҚ Бастау кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Кен орнының бұрыштық координаттары: 45°83'11" ; 65°65'95". Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjBDbWpRXlRlHlY962uEJAjJLLBCv60.1&omn=88506372357>

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76ерза.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ecoportal.kz/> және жао веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ nastya_seta@mail.ru электрондық поштада қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz> сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ, БСН 991140000357, заңды мекенжайы: Қызылорда қ., Н. Назарбаев даңғылы, 29-ғимарат.

Жоба құрастырушы: «Би Плюс» ЖШС, БСН 050540011686. Қызылорда қ., Хон Бен До көшесі, №ба, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ-нен 08.04.2022 ж. №02455р лицензиясы берілген.

Объявление

АО «Нефтяная Компания «КОР» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса Республики Казахстан сообщает, что 19 февраля 2026 года в 15.30 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарынский район, пос. Теренозек, улица Қонаева, 8 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения Бастау АО «НК» «КОР» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Проект программы управления отходами (ПУО), Проект программы производственного экологического контроля (ПЭК), Проект плана природоохранных мероприятий (ППМ), РООС».

Угловые координаты месторождения: 45°83'11" ; 65°65'95". Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=W-jDbWpRXlRlHlY962uEJAjJLLBCv60.1&omn=88506372357>

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76ерза.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ecoportal.kz/> и сайт мпо <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: nastya_seta@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz>.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Нефтяная Компания «КОР», БИН 991140000357, юридический адрес: г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, здание 29.

Разработчик: ТОО «Би Плюс», БИН 050540011686, юридический адрес: г.Кызылорда, ул. Хон Бен Домод №ба, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. Лицензия №02455р от 08.04.2022 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК».

Объявление

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская центральная поликлиника» управления здравоохранения Кызылординской области

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 212.

Наименование предприятия с указанием места нахождение почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская центральная поликлиника» управления здравоохранения Кызылординской области, 120000, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Абая 60, контактный телефон: 8(7242)23-51-86, e-mail: gcpkzo@med.mail.kz

Основная деятельность: Оказание первичной медико-амбулаторной помощи населению города Кызылорды..

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) Наличие опыта работы не менее десяти лет в сфере здравоохранения;
- 2) Опыта руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместители) не менее пяти лет в сфере здравоохранения;
- 3) Являющегося членом общественного объединения в сфере здравоохранения. Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссий следующее документы:

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

- 1) Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) Резюме на государственном и русском языках;
- 3) Автобиография (в произвольной форме);
- 4) Нотариально заверенная копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) Нотариально заверенная копия документа о высшем образовании;
- 6) Нотариально заверенная копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- 7) Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управлении здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.

Хабарландыру

«Seven Rivers Technologies» ЖШС 20.02.2026 ж. сағат 15:00-де мына мекенжайда өтеді: Кызылорда қаласы, Жетісоқан көшесі 12, «Бастау» бизнес-орталығы, 2-жабат, 40 адамға арналған конференц-залында «Қызылорда облысында «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынықтары түрінде қайта өңдеу және жылына 240 миллион дана (әулігіне 280 тонна шыны массасы) шыны ылдс өндіру зауытын салу» жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Зауыттың жер учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары:

- 1-нүкте – 44В°53'35.98», 65В°25'24.10»,
- 2-нүкте – 44В°53'47.26», 65В°25'40.28»,
- 3-нүкте – 44В°54'17.32», 65В°25'40.15»,
- 4-нүкте – 44В°54'25.84», 65В°25'42.20»,
- 5-нүкте – 44В°54'24.92», 65В°25'51.18»,
- 6-нүкте – 44В°54'22.94», 65В°26'0.25»,
- 7-нүкте – 44В°54'17.26», 65В°26'8.49»,
- 8-нүкте – 44В°54'11.47», 65В°26'15.66»,
- 9-нүкте – 44В°54'5.36», 65В°26'27.58»,
- 10-нүкте – 44В°53'59.84», 65В°26'17.17»,
- 11-нүкте – 44В°53'53.00», 65В°25'58.03»,
- 12-нүкте – 44В°53'41.01», 65В°25'42.25».

Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағы.

Онлайн қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/88410170491?pwd=ItaaSxhzB35lUXKZy0kl2cUtpudcDMD.1>

Конференция идентификаторы: 884 1017 0491.

Қосылу коды: 902512.

Өзіндікбен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы қажет.

Қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланп отырған қызметтің бастамашысы – «Seven Rivers Technologies» ЖШС, ҚР, Кызылорда облысы, Кызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, 110-үй, 4а н.п., пошта индексі 120000, БСН 230540027195. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

Жоба әзірлеушісі – «Tau Engineering and Consultants» ЖШС, ҚР, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 13 н.п., пошта индексі 050000, БСН 030540007753, тел.: +7 771 554 29 17, gulzira.mg@tauengineers.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, сондай-ақ кейін жарияланатын қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен Бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbceol.gov.kz/Public/>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru> тапсынуға болады.

Күнделікті атқарушы органның электрондық поштысы мен пошталық мекенжайы: Кызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Кызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8- (7242) –60-53-62.

Объявление

ТОО «Seven Rivers Technologies» сообщает, что 20.02.2026 г. в 15:00 ч. по адресу: г.Кызылорда, ул. Жетісоқан 12, Бизнес центр Бастау, 2 этаж, Конференц зал на 40 человек, состоятся общественные слушания в формате открытого собрания по материалам отчета о возможных воздействиях к рабочему проекту «Строительство завода по переработке твердых бытовых отходов в виде стеклобоя и выпуску стеклянной тары производительностью 240 миллионов единиц в год (280 тонн стекломассы в сутки) в Кызылординской области».

Координаты угловых точек земельного участка завода:

- 1 точка – 44В°53'35.98»,»65В°25'24.10»,
- 2 точка – 44В°53'47.26»,»65В°25'40.28»,
- 3 точка – 44В°54'17.32»,»65В°25'40.15»,
- 4 точка – 44В°54'25.84»,»65В°25'42.20»,
- 5 точка – 44В°54'24.92»,»65В°25'51.18,
- 6 точка 44В°54'22.94»,»65В°26'0.25»,
- 7 точка 44В°54'17.26»,»65В°26'8.49»,
- 8 точка 44В°54'11.47»,»65В°26'15.66»,
- 9 точка – 44В°54'5.36»,»65В°26'27.58»,
- 10 точка – 44В°53'59.84»,»65В°26'17.17»,
- 11 точка – 44В°53'53.00»,»65В°25'58.03»,
- 12 точка – 44В°53'41.01»,»65В°25'42.25».

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Кызылординская область, г.Кызылорда, мкр. Титов, индустриальная зона «Өндіріс».

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/88410170491?pwd=ItaaSxhzB35lUXKZy0kl2cUtpudcDMD.1>.

Идентификатор конференции: 884 1017 0491.

Код доступа: 902512.

При себе иметь удостоверение личности.



Облыс көлемінде өткен жылы жұқпалы аурулар бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасты. 52 нозология бойынша ауру тіркелген жоқ. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 25 нозология бойынша сырқаттанушылықтың төмендеуіне қол жеткіздік. Осы орайда профилактикалық екпелердің айрықша маңызын атап өту керек. Соңғы 15 жылда вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулардың, оның ішінде күрөзек, сіреспе, гемофильді инфекция, полиомиелит, паротит, пневмококк инфекциялары тіркелген жоқ. Егу шараларының нәтижесінде «А» вирусты гепатитпен ауыру көрсеткіші 2024 жылмен салыстырғанда 3.2 есе азайған. Көкжөтелге шалдығу деректері 37.6 есе, қызылша аурушандығы 4.6 есе төмендеген.

БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцина арқылы басқарылатын жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпелермен жалпы қамту көрсеткіші 96,8 пайызға жетті.

Аса қауіпті инфекциялық аурулар туралы айтар болсақ, былтыр Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан облыста эпидемиологиялық ахуал күрделі болды. Есепті кезеңде 13 дерек, оның ішінде бір өлім жағдайы Қармақшы ауданында тіркелді. Қолайсыз деп танылған 11 елді мекенде кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары екі кезеңмен жүргізіліп, тиімділік көрсеткіші 98 пайыз болды.

Туберкулез ауруының 355 жаңа жағдайы тіркеліп, аурушандық көрсеткіші 7,1-ге төмендеді. Бруцеллез ауруының 19 жағдайы есепке алынып, салыстырмалы түрде төмендеу тенденциясы байқалды.

Ауызсу сапасына тоқталатын болсақ, орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінен микробиологиялық көрсеткіштерге 2148 су сынамасы алынып, оның 33-і талапқа сай келмеді. Санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 2083 сынама алынып, оның 99-ында сәйкессіздік, көбіне құрғақ қалдық, хлоридтер, сульфаттар нормадан жоғары екені анықталды. Орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінде жуу-тазалау және дезинфекциялау жұмыстары толығымен жүргізілді.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің маңызды бағыттарының бірі – ішкі сауда нарығы айналымындағы өнімдер қауіпсіздігін бақылау. Осы мақсатта былтыр сауда орындарынан 1766 өнім сынамасы сатып алынды. Басым үлесі 69,7% – тағам өнімдері және 30,3% – тамақ емес өнімдер. Жүргізілген сараптамалар нәтижесімен 317 үлгі техникалық регламент талаптарына сай келмеді. Атап айтқанда, микробиологиялық көрсеткіш бойынша 4, физикалық-химиялық көрсеткіш бойынша 11, таңбалануы бойынша 247 және физикалық факторлар бойынша 4 сәйкессіздік анықталды. Сәйкес келмеген өнімдер бойынша 100 сауда объектісіне жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулы рәсімделіп, жалпы құны 1241 539 теңге болатын 818 килограмм өнім сатылымнан алынды.

Былытырғы өзгерістердің бірі – 1 қыркүйектен бастап балабақша мен мектептерде, колледждерде жаңа тамақтану стандарты іске қосылды. Басты өзгерістер – тұз мөлшері 5 есе, кант мөлшері 3,6 есе азайтылды. Көкөністер, жемістер және сүт өнімдерінің үлесі артты. Шұжық өнімдері, ысталған тағамдар мәзірден алынып тасталды. Тәтті сусындар орнына су, сүт, сүтқышқылды өнімдер мен компоттар ұсынылуда. Бұдан бөлек, «Жеуге жарамсыздық индексі» ұғымы енгізілді. Ол балаларға ұсынылған тамақтың талапқа қаншалықты сәйкес келетінін бақылауға мүмкіндік береді. Егер көрсеткіш 30 пайыздан жоғары болса, мәзір түзетіледі. Оқу жылында «Жеуге жарамсыздық индексі» бағалана отырып, оның есесі асырылу барысына мониторинг жүргізілуде. Нәтижесінде бірқатар ұсыныс әзірленіп, 2026 жылға төрт апталық перспективалы ас мәзіріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, көп қалдық қалатын арпа көжелер, қарақұмық, қызылша салаты алынып тасталып, орнына сүт көже, сүт-қатық, балғын салат (кияр мен қызанақ) қосылды. Мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы бағытында мемлекеттік қызметтің 6 түрі бо-

йынша 1778 өтініш түсті. Оның 1070-і қанағаттандырылып, рұқсат құжаттары берілді, 668 өтінішке дәлелді бас тартулар ұсынылды. Талдау көрсеткендей, жыл сайын мемлекеттік қызмет алушылар саны артып келеді, өткен жылы 329 өтінішке өскен.

Былытыр 15 жоспарлы тексеру жүргізілді. Нәтижесінде 14 заңбұзушылық анықталып, 3 578 360 теңге айыппұл, жоспардан тыс 124 тексеру жүргізіліп, оның қорытындысымен 124 заңбұзушылық тіркеліп, 22 785 730 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету бағытындағы шаралар әрі қарай жалғасады. Басым бағыттардың бірі 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап мектептерде, балабақшаларда, лагерьлерде және балаларға арналған басқа да ұйымдарда бақылаудың жаңа тәртібі енгізіледі. Басты мақсат – әр бала үшін қауіпсіз, сау және жайлы орта қамтамасыз ету.

Бұдан не өзгереді? Жоспарлы тексерулер енді екі санат бойынша жүргізіледі. Жоғары қауіп – кем дегенде жарты жылда бір рет тексеру. Төмен қауіп – жылына бір реттен артық емес. Бұл ретте тексерілетін объектілердің тізімі ата-аналар мен қоғам қандай мекемелердің бақылаудан өтіп жатқанын көруі үшін ашық жарияланады.

Объектілерге бару арқылы жүргізілетін мониторинг бақылаудың жаңа форматы бұзушылықтарды жедел анықтауға мүмкіндік береді. Мектептердің оқу жылына, лагерьлердің жазғы маусымға және медициналық мекемелердің эпидемиялық сынақтарға дайындығын бағалау үшін Мемлекет басшысының, Үкіметтің және Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмалары бойынша тексерулер жүргізіледі.

Ең маңыздысы, алғашқы тексеруде айыппұлдар қолданылмайды. Ұйымдар кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік алады.

Сондай-ақ санитариялық дәрігерлердің өкілеттіктері кеңейтіледі: бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер жүйелі бұзушылықтарды жоюды талап етеді, нұсқамаларды жергілікті және мемлекеттік органдарға жіберіп, қауіпсіздік стандарттарын арттыруда мекемелерге қолдау көрсете алады.

Быыл мына бағыттарға басымдық беріліп отыр:

- халықты инфекциялық ауруларға қарсы екпемен қамту белсенділігін одан әрі арттыру;
- облысымыз табиғи ошақ болғандықтан Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу шараларын қарқындату. Дайындық жұмыстары қазірден басталып кетті;
- білім беру мен тәрбиелеу объектілерін, қоғамдық тамақтану орындарын санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкестендіру жұмыстарын күшейту;
- аурушандықтың алдын алу және абайсызда улануынан болатын өлім-жітім көрсеткіштерін төмендету үшін өндірістік объектілердің жұмыс орындарындағы қызметкерлердің еңбек жағдайын бақылау;
- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;
- техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін өнімге қатысты бақылауды күшейту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды күшейту.

Гүлмира СЫЗДЫҚОВА,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы



Сурет ашық дереккөзден

ЖИ: СОҢҒЫ СӨЗ КІМДЕ?

Айта кетейік, бұл қызмет 60 елден жиналған 260-тан астам дәрігердің қатысуымен әзірленді. Олар соңғы екі жылда 600 000-нан астам шолу жасаған. Қазіргі уақытта ChatGPT Health қолданбасына қол жеткізу бәрине бірдей мүмкін емес. Оны қызмет күту тізімі арқылы Free, Go, Plus және Pro жазбасы бар пайдаланушылар іске қоса алады.

Алғашқыда бұл бөлім Еуропалық экономикалық аймақта (Швейцария мен Ұлыбритания) қосылмайды. Медициналық жазбалармен және белгілі бір қолданбалармен интеграция тек АҚШ-та жұмыс істейді. Дегенмен, OpenAI алдағы апталарда ChatGPT Health қолданбасын веб және iOS нұсқаларына шығарып, ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Айта кетейік, OpenAI — жасанды интеллектті дамытуға арналған американдық ғылыми-зерттеу ұйымы. Оның жұмысы жасанды интеллектті жалпы адамзатқа пайда әкелетін және зиян келтірмей дамытуға бағытталған. OpenAI «қауіпсіз және пайдалы» күшті жасанды интеллектті дамытуды мақсат етеді, оны ұйым «экономикалық тұрғыдан ең құнды жұмысты орындауда адамнан жоғары автономды жүйелер» деп анықтайды. Осы мақсатқа жету жолында ұйым бірнеше үлкен тілдік модельдер жасады, соның ішінде GPT-4 және ChatGPT.

Жалпы, әлем бойынша миллиондаған қолданушы ChatGPT-ді денсаулық жағдайы мен медициналық сұрақтар үшін пайдаланады екен. Бұл туралы digitalbusiness.kz салалық есепке сүйеніп хабарлады.

Олардың мәліметінше, күн сайын чат-ботты 40 млн-дан астам адам қолданады. Барлық сұраулардың шамамен 5%-ы медицина тақырыбына қатысты. Қызметтің 800 млн тұрақты қолданушысының төрттен бірі денсаулық мәселелеріне қызығушылық танытады.

1-бет

Американдық медициналық ассоциацияның дерегінше, 2024 жылы дәрігерлердің 66%-ы жасанды интеллект шешімдерін кәсіби қызметінде пайдаланған (2023 жылы – 38%). ЖИ медициналық құжат жүргізу, емдеу жоспарын дайындау және ғылыми зерттеулерді талдау үшін қолданылады.

Wolters Kluwer зерттеуіне сәйкес, АҚШ-тағы әрбір екінші медицина қызметкері ЖИ-ді мәтіндік және бейнематериалдар жасау үшін қолданады. Медбикелер арасында – 46%, фармацевтер арасында – 41%. Көп мамандар чат-боттарға аптасына кемінде бір рет жүгінеді екен.

ChatGPT әсіресе медициналық мекемелер мен мамандар жетіспейтін ауылдық жерлерде кеңінен қолданылады. OpenAI дерегінше, аптасына шамамен 580 мың денсаулыққа қатысты сұрау осындай өңірлерден түседі.

Сауалнама нәтижесінде 55% – симптомдарды тексеру үшін, 48% – медициналық терминдер мен кеңестерді түсіндіру үшін, 44% – емдеу нұсқалары туралы ақпарат іздеу үшін қолданылатыны белгілі болды. Осы орайда OpenAI денсаулық саласында ЖИ қолданушы нақты реттеу қажеттігін атап өтіп, компания технологиялардың қауіпсіздігін арттыру және оларды медициналық тәжірибеге енгізуді жеңілдету мақсатында арнайы ұсынымдар жариялауды жоспарлады. Біз айттып отырған жаңалық соның бір көрінісі.

Жоғарыда әлем елдері жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамытуға ұмтылып жатқанын айттық. Оның ішінде біздің ел де бар. Мәселен, Мемлекет басшысы осы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп ресми түрде жариялады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында Қазақстанды цифрлық елге айналдыру және жасанды интеллектті дамыту – мемлекеттің стратегиялық басымдығы екенін айтты.

«Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Быыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін», – деді Президент.

Зерттеуден байқағанымыздай, бүгінде ChatGPT-дің көмегіне жүгінушілер саны артып отыр. Кез келген салаға қатысты көкейдегі сауалды қойып, жауабын әп-сәтте ала қоятын қосымша көпшілікке ұнап қалғаны рас. Әсіресе, денсаулыққа қатысты жиі қолданылатынын айтып өттік. Осы орайда жасанды интеллекттің медицинада енгізілуіне қатысты, ChatGPT-дің адам денсаулығына қатысты ақыл-кеңесі туралы дәрігерлер пікірін білген едік.

– ChatGPT-дің көмегімен әркім өз бетінше ем-дом жасауына болмайды, әрине. Бірақ белгілі бір дәрежеде кеңес алып, оны дәрігер маманның рұқсатымен қолданған жөн. Анықтама ретінде пайдалануға болады. Жалпы жасанды интеллект қай салада болмасын адамның жұмысын жеңілдетуге, жеделдетуге арналған. Біздің елімізде медицина саласына да енгізу қолға алынып жатыр. Мәселен, КТ, МРТ, УДЗ, рентген аппараттарына арнайы ЖИ бағдарламалар қойылады. Сол бағдарламалар қарапайым құрылғылар көре бермейтін дүниелерді анықтап, нақты диагноз қоюға бағдар береді. Осылайша көмекші рөлін атқарады. Бірақ соңғы сөз, нақты шешім бәрібір дәрігерде болады. Сондықтан ЖИ-ды жатырқаудың қажеті жоқ, қайта қолдау керек. Бірақ ChatGPT-ден сұрап алып, өз бетінше емделуге қарсымын. Қандай жағдайда да тек дәрігерге қаралып, анализдер тапсырып барып ем алған дұрыс, – дейді көпбейінді қалалық аурухана бас дәрігері Нұридин Әмітов.

№1 қалалық емхана бас дәрігері Венера Садыманова: – «Жасанды интеллект қазір біздің қызметкерлердің жазған жазбаларының дұрыс-бұрысын шығарып көмекші құрал ретінде, кеңесші секілді қызмет атқарады. ЖИ немесе робот дейміз кейде жолданған талдамалар мен диагнозға қарай хаттамадан ауытқып тұрсын деген ақпарат береді. Сосын сарапшы дәрігер қарайды да келіспеген жағдайда қарсылық жазады. Қарсылық жазғаннан кейін ақпаратты алып тастайды немесе роботтікі дұрыс болса қате түзетіледі. Бұл өте ұтымды, пайдалы және қажет деп ойлаймын. Мысалы, науқас бел ауруына шағымданып келеді. Сосын маман ең бірінші бүйрек ауруына күдіктеніп, анализдер береді. Бірақ ол омыртқадан болуы да мүмкін. Ондай кезде рентгенге түсіреміз. Осындай кезде хаттамадан ауытқуға тура келеді. Мұны робот ауытқыдың деп көрсетіп тұрады. Былайша айтқанда, дәрігерлерге шпаргалка ғой. Одан да өзге ұтымды тұсы көп. ЖИ әзірге толық еніп кеткен жоқ, жұмыс жүргізілу үстінде. Сондықтан жасанды интеллекттің салаға енгізілгенін дұрыс қабылдаймын, – дейді.

Ал сіздің ойыңыз қалай, оқырман?

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдаудың 2026 жылға арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Мырзабек Сәкен Салхадинұлы	Басқарма басшысы	Апта сайын сәрсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Аббасова Фарида Әубәкірқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын жұма күні	11:00-ден 13:00-ге дейін
Бекжанова Жанар Аңсаққызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын сейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Баймаханов Дастан Бахытұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын бейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1. Анықтама телефоны: 40-11-91 (53-74).

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС ДИРЕКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел.: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi_kz